

2020-2022 жылдарға арналған Жұрын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 395 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қаңтарда № 6759 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Жұрын ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 57 264,0 мың теңге;

салықтық түсімдер – 2 288,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 24,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 54 952,0 мың теңге;

2) шығындар – 114 297,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 теңге;

бюджеттік кредиттер – 0,0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -57 033,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 57 033,7 мың теңге;

қарыздар түсімі – 57 033,7 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 26.03.2020 № 423 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.08.2020 № 487 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2020 № 517 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдер болып табылады.

4. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.

5. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 17 641 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 40 441 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Ескерту. 5 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 25.08.2020 № 487 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2020 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 49 628,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

7. 2020 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджетіне республикалық бюджеттен 1 700,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 400,0 мың теңге нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін.

8. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

9. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

К. Тукешев

Мұғалжар аудандық
мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы № 395
шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 11.11.2020 № 517 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				сомасы (мың теңге)
	сыныбы	кіші сыныбы		
			атауы	
			1. КІРІСТЕР	57 264,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	2 288,0
	01		Табыс салығы	190,0
		2	Жеке табыс салығы	190,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 098,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	70,0
		3	Жер салығы	102,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 926,0
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	24,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	24,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	24,0
4			Трансферттердің түсімдері	54 952,0

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	54 952,0
		3	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	54 952,0

функционалдық топ					сомасы (мың теңге)
	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	114 297,7
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 004,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	21 004,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 004,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 004,0
04				Білім беру	31 876,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	31 876,0

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31 876,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	31 876,0
07				Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	2 484,0
	3			Елді-мекендерді абаттандыру	2 484,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 484,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 568,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	916,0
12				Көлік және коммуникация	58 933,7
	1			Автомобиль көлігі	58 933,7
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	58 933,7
				Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда,	

			013	кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 900,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	57 033,7
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-57 033,7
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	57 033,7
7				Қарыздар түсімі	57 033,7
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	57 033,7
		2		Қарыз алу келісім шарттары	57 033,7
			04	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округінің әкімінің апараты алған қарыздар	57 033,7

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы № 395
шешіміне 2 қосымша

2021 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР	52 467,0

1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		2 446,0
	01		Табыс салығы		203,0
		2	Жеке табыс салығы		0,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		2 243,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		75,0
		3	Жер салығы		107,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		2 061,0
4			Трансферттердің түсімдері		50 021,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		50 021,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		50 021,0
функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	52 467,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16 937,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	16 937,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16 937,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 937,0
04				Білім беру	32 405,0

	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	32 405,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 405,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	32 405,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 163,0
	3			Елді мекендерді көркейту	1 163,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 163,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 058,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	105,0
12				Көлік және коммуникация	1 000,0
	1			Автомобиль көлігі	1 000,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 000,0

			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 000,0
13				Басқалар	962,0
	9			Басқалар	962,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	962,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	962,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0,0

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы № 395
шешіміне 3 қосымша

2022 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы		сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР		53 194,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		2 458,0
	01		Табыс салығы		56,0
		2	Жеке табыс салығы		0,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		2 402,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		80,0
		3	Жер салығы		117,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		2 205,0
4			Трансферттердің түсімдері		50 736,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		50 736,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		50 736,0
функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	53 194,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17 275,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17 275,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 275,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін	17 275,0

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
04				Білім беру	32 729,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	32 729,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 729,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	32 729,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 179,0
	3			Елді мекендерді көркейту	1 179,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 179,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 069,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	110,0
12				Көлік және коммуникация	1 000,0
	1			Автомобиль көлігі	1 000,0
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	

		124		ауылдық округ әкімінің аппараты	1 000,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 000,0
13				Басқалар	1 011,0
	9			Басқалар	1 011,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 011,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 011,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК